

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сана SMS Сағуай



№9 (46)

30 қазан, 2013 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

ЖҮРЕГІ СОҚҚАН ҚАЗАҚ ДЕП...

3-бет

Абылай елінің туын берік ұстап, қиындықтарға төтеп бере алған тұлғалардың бірі. Биыл аты аңызға айналған Абылайхан бамыздың 300 жылдық мерейтойы еліміздің жер-жерінде атап өткізілуде.

Тарихи деректер, аңыз-жырлар да Абылайдың үш жүздің әміршісі ретінде ардақталғанын көрсетеді. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері Абылайды бүкіл қазақ ханы деп ресми түрде танығанымен, оның беделінің өсіп бара жатқанынан сескенген Ресей патшасы Екатерина II Абылайға Орта жүз ханы ретінде ғана сый-сыяпат көрсетті. Бұл бір жағынан «бөліп алда, билей бер» саясатының көрінісі еді. И.Неплюевтің: «Қырғыз халқында бас ханның болуы пайдалы болмайтыны былай тұрсын, зиянды да болу мүмкін» деген пікірі мұны айғақтай түседі.



Ақын
Қуанышбек
ШАРМАНОВ:

ХАЛҚЫМА НӘР
БЕРЕТІН ДҮНИЕМЕН
АЙНАЛЫСҚЫМ КЕЛЕДІ

4-бет



ЖЕТІ АТАҒДЫ
БІЛЕСІЗ БЕ?

5-бет



ЗАМАННЫҢ АЗҒАНЫ
МА?

6-бет



ЕГІЗДЕР – ЕРЕКШЕ
ЖАРАТЫЛҒАН
ЖАНДАР

7-бет

ДҮРБЫ

Қазақша сөйлейтін халқы 70 пайыздан асқан өңірдің барлығы қазақ тіліне көшуі керек - Н. Назарбаев

«Нұр Отан» ХДП мемлекеттік тілді нығайтуға, қазақтың дәстүрі мен мәдениетін жаңғыртуға байланысты қоғамдық-саяси жұмыстардың тиімді жүйесін жасауы тиіс. Бұл турлы бүгін «Нұр Отан» ХДП-ның кезектен тыс XV съезінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мәлім етті.

«Бұл – ана тіліміз бен ата-дәстүріміздің, ұлттық мәдениетіміздің мәңгі жаңғыру дәуірі. 2025 жылға дейін мектептегі балалар түгел қазақша оқып шыққан кезде барлығымыз қазақ тіліне көшетіндігімізді айттық. Конституцияда екі тілділік деген мәселе бар. Бұл – елдің бірлігі үшін, сыртымыздың және ішіміздің бүтіндігі мен тыныштығы үшін жасалып отырған амал. Тәуелсіздік алған жылы халқымыз қанша болғанын баршаларыңыз білесіздер. Ал қазір қазақша сөйлейтін халқы 70 пайыздан асқан өңірдің барлығы қазақ тіліне көшу керек», – деді Елбасы.

Осы орайда Президент ана тілін аталған көрсеткіштен аз меңгерген облыстар алға қарай жылжуы тиіс екенін қадап айтты. «Қазақтың тілін үйрету үшін барлық әкімшіліктер көңіл бөліп, оқытып, үйретуі керек», – деді Мемлекет басшысы.

Н. Назарбаев «Нұр Отан» ХДП мемлекеттік тілді нығайтуға, қазақтың дәстүрі мен мәдениетін жаңғыртуға байланысты қоғамдық-саяси жұмыстардың тиімді жүйесін жасауы тиіс екенін атап өтті.

ҚазАқпарат

«Нұр Отан» партиясы жаңғыртылуы мүмкін

Елордадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының кезектен тыс XV съезі өтуде.

Съезд жұмысына партияның барлық өңірлік филиалдарынан келген 1200-ге тарта делегат пен үкіметтік емес, жастар ұйымдары, дипломатиялық корпус өкілдері, мәдениет пен спорт қайраткерлері, мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер басшылары сияқты мыңнан астам шақырылған қонақтар қатысуда.

Алқалы жиында Тәуелсіздік жылдарында қалыптасып, уақыт сынынан өткен құндылықты бағыт-бағдарларды нығайтуды үндейтін «Нұр Отан» партиясының жаңа саяси Доктринасының жобасы, алдағы онжылдықтағы міндеттері делегаттар талқысына салынбақ. Сонымен бірге съезд барысында партия Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, партияның саяси кеңесінің құрамына өзгерістер жасау, бақылау-тексеру органдарының бірқатар мәселелерін қарау көзделуде.

Айта кетерлігі, бұдан бөлек осы күні «Нұр Отан» ХДП Көшбасшысы Н. Назарбаевтың төрағалығымен Үкімет мүшелері, өңірлік филиалдар басшылары қатысатын партияның Саяси кеңесі бюросының кеңейтілген отырысы өтетіндігі жоспарлануда. Онда партияның жаңғыртылуына, аппаратының жұмыс тиімділігін түбегейлі арттыруға байланысты нақты тапсырмалар берілімек.

BNews

Жерге қарай 400 метрлік астероид жақындап келеді

Астрономдар жерге жақын қашықтықта, шамамен 2032 жылы біздің планетамызбен соқтығысуы мүмкін ірі астероидты анықтады. Бұл жаңалық Қырым астрофизикалық обсерваториясында жұлдызды аспан түсірілімдерін зерттеу кезінде жасалған. Объектінің мөлшері 410 м және ол секундына 9,93 шақырым жылдамдықпен жүйіткүде.

Астероид 2013 TV135 деген индекске ие болды, ол аса қауіпті санатқа жатады. Оның орбитасы мен Жердің орбитасы арасындағы қашықтық 1,7 млн шақырымды құрайды, деп хабарлады «Новости» РАО. Тамыз айының басында NASA жерге қатер туғызатын астероидтардың нақты картасын жасады. Оған біздің планетамызға жақын ұшып өтіп айтарлықтай қатер туғызатын 1400 ғарыштық нысан кірген.

ҚазАқпарат

БУЫРҚАНҒАН ЖЫР ТАСҚЫНЫ ҚАЛИЖАН



2013 жылдың 9 қазанында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде ақын, драматург, аудармашы Қ.Бекқожиннің 100 жылдығына орай «Қалижан Бекқожиннің шығармашылығы және қазіргі қазақ поэзиясы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

С.Торайғыров атындағы ПМУ қабырғасында жұмысын бастаған аталмыш ғылыми-практикалық конференцияның салтанатты ашылуында университет ректоры Серік Өмірбаев қазақ әдебиетінің саңлағы Қалижан Бекқожин шығармашылығына жоғары баға берді. Ол: «Қалижан Бекқожин қазақ әдебиетіндегі алтын дәуірдің ұлы ақындарының тұяғы. Ол ақындық өнерімен ғана емес, көптеген пьесалардың авторы, публицист, әдеби сыншы, дарынды аудармашы. Әлем әдебиеті майталмандарының туындыларын қазақ тілінде сөйлетті», – деді.

Павлодар облысы әкімі Ерлан Арын конференцияның пленарлық отырысы барысындағы сөзінде: «Қалижан Бекқожинді жай ғана жазушы, ақын деп қарастыру аздық етеді. Ол сөз өнерінің шырақшысы, жаршысы деуге келеді. Қалижан Бекқожин отызыншы жыл-

дардағы кеңестік әдебиетті өзінің толағай еңбектерімен жаңа қияға өрлеуіне септігін тигізді. Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Ғани Орманов сынды қазақ әдебиеті саңлақтарының соңынан еріп, өз есімін мойындата білген жазушы», – деп мәлімдеді.

Конференцияның пленарлық отырысында Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов, ақынның жұбайы Зайра Бекқожина, Қазақстан Республикасының ұлттық музейінің басшысы Дархан Мыңбай, Азербайжан Республикасының Жазушылар одағының бірінші хатшысы Фикрет Годжаев, Еуразиялық Жазушылар одағының мүшесі Ибрагим Ерийгит (Түркия), ақын, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Ғалым Жайлыбай, Қазақстан Республикасының Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы

Матаев, ақын, «Жұлдыз» журналының бас редакторы Есдәулет Ұлықбек, «Егеменді Қазақстан» газетінің бас редакторының орынбасары Жарасбай Сүлейменов, «Казахстанская правда» газетінің бас редакторы Жанай Омаров, Қазақстан Республикасы Президентінің «Телерадиоқешен» АҚ басшысы Ерлан Бекқожин, ақын, ақынның туысы Ибрагим Исаев, «Түркістан» газетінің бас редакторы Шамшидин Паттеев ақын өмірі мен шығармашылығы туралы баяндамаларын ұсынды.

Сонымен қатар, конференция жұмысына ҚР еңбегі сіңген қайраткері, жазушы, ф.ғ.д. Тұрсынбек Көкішұлы, Қазақстан Республикасы Президенті баспасөз хатшысының орынбасары, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, ф.ғ.д. Бауыржан Омаров, Батыс Қазақстан облысы Жазушылар одағының басшысы Ақұштап Бахтыгереева, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Рақымжан Тұрысбеков қатысты.

Конференция аясында Қалижан Бекқожин өмірі мен шығармашылығына арналған сайт конференцияға қатысушылардың назарына ұсынылды, және де ақынның қазақ әдебиетіндегі рөлі, өз заманындағы тұлғалық портреті, ақын шығармашылығындағы халық тарихы, заманауи қазақ әдеби тілінің мәселелерін қарастырды.

Конференция соңында Қалижан Бекқожиннің ұлы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Телерадиоқешен» АҚ басшысы Ерлан Бекқожин С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті студенттері еншісіне Қалижан Бекқожин атындағы атаулы білім стипендиясының бекітілгені турасында жиылған қауымға сүйінші хабарын жеткізді.

ҚАРАҢҒЫ ҚАЗАҚ КӨГІНЕ ӨРМЕЛЕП ШЫҒЫП КҮН БОЛҒАН АҚЫН

2013 жылдың 11 қазанында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде белгілі қазақ ақыны, ағартушы, қоғам қайраткері С.Торайғыровтың 120 жылдығына орай «VI Торайғыров оқулары» атты дәстүрлі халықаралық ғылыми-теориялық конференция өз жұмысын бастады.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс пен инновациялар бойынша проректоры Нұрлан Ержанов конференцияның ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде: «Біздің университет Павлодар өңірінің ғылыми және мәдени өмірінде әрдайым көш басында келеді. Өйткені, бүгінгі Павлодар мемлекеттік университеті қабырғасында өтіп жатқан ғылыми конференция тәуелсіз мемлекеттің дамуына сүбелі үлес қосатыны сөзсіз. Еліміздің белгілі де бірегей ағартушысы С.Торайғыровтың халық игілігіне қалдырған мұрасы өшкен жоқ, естен шыққан емес. Оның асыл мұраларының кейінгі ұрпаққа жетуі үшін бүгінгі ғылыми шараны ұйымдастырушылар мен қатысушылардың үлесі зор», – деп мәлімдеді.

Конференция жұмысына құрметті қонақтар ретінде «Арыс» баспахана-сының басшысы, ф.ғ.д. Ғарифолла Анесов, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Меңдігүл Шыңдалиева,



Омск мемлекеттік педагогикалық университетінің Әдебиет кафедрасының меңгерушісі Вероника Москвина, Этвас Лоранд университетінің профессоры Андрас Золтан (Венгрия) қатысты. Конференцияға жиналған ғылым сүйер қауымға Ирландиядан шақыртылған Дублин технологиялық университетінің профессоры Энн Мерфи өз баяндамасын ұсынды. Ол баяндамасында жаһандану дәуіріндегі жоғары білім жүйесіндегі интеграциялық үдерістер турасында қызықты мәліметтерімен бөлісті.

Конференция жұмысы барысында техникалық, жаратылыстану

және гуманитарлық ғылымдарының өзекті мәселелері қозғалды. Алайда, С.Торайғыров шығармашылығының ерекшеліктері және оның қазақ қоғамының дамуына қосқан үлесі жайындағы талқылаулар мен мәлімдемелер конференцияның басты тақырыбы болды.

Сөзін түйіндей келе Нұрлан Тельманұлы: «бүгінгі конференцияға қатысушылар ұлы жерлесіміз Сұлтанмахмұт Торайғыровтың демократия, ағартушылық және қайырымдылық жолындағы ұлы істерінің лайықты жалғастырушысы болатынына сенемін», – деді.

Бір адам бар: мейіз ағашы сықылды, Жемісінен дүние жүзі баһбара алады. Бір адам бар терек ағашы сықылды, Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды - деп кезінде М.Ж. Көпейұлы айтып кеткен болатын. Шынымен мына жаһанда адамгершілік қасиеттермен қатар өмірлік өшпес мұра қалдыру ерлік пен еңбекқорлықты талап етеді. Абылай елінің туын берік ұстап, қиындықтарға төтеп бере алған тұлғалардың бірі. Биыл аты аңызға айналған Абылайхан бабамыздың 300 жылдық мерейтойы еліміздің жер-жерінде атап өткізілуде.

ЖҮРЕГІ СОҚҚАН ҚАЗАК ДЕП...

Абылайдың тегі

«Шұғаның қиқымы да шұға» – дегендей Абылай ханның арғы тегі осал емес. Оның арғы тегі Жошы хан, ал бергі бабалары қазақ орда-сының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Сонда Абылай – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы болады. Қасіретті «Ақтабан шұбырынды» жылдарында ол жетім қалып, Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Абылайдың дана болып өсуіне Төле бидің ықпалы мол болды. Төлениң малын бағып, қу тіршілікті көрген Абылай ел өміріне ерте араласып, ерте есейеді. «Тоқтың қадірін білу үшін ашығу керек» дегендей қиындыққа толы ғұмыр Абылайды мықты адам, үлкен тұлға етті. Ол үш жүздің басын қосқан хан ретінде тарих сахнасында қалды. Тәуелсіздік тізгінін қолға алып, Қазақ хандығын үлкен державаға айналдырған елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың да өмірі Абылай ханның ғұмырына ұқсайды. Оның да өмірінің басы қара шарудан басталып, ел тізгінін қолына алуы ел есінде. Қарапайым отбасынан тәлім-тәрбие алып, кішкентай Шамалған ауылының топырағы мен тау-тасында аунап өскен Нұрсұлтан ханның өмірі атына сай болып, өмірін туған еліне арнап, үлкен тұлғаға айналды. Яғни адам қиындық көрмей жетістікке жетпесі анық.

Үш жүздің басын қосқан хан

1771 жылы барша қазақ жұрты Абылайды ақ киізге көтеріп, патша тағына отырғызады. Оны Ресейдің патшасы Екатерина II хандыққа бекіту жайлы нұсқаулар беру үшін Петербург, Орынборға арнайы шақырып отырса да Абылай ол шақыртуларға: «Мені үш жүзге хан қылып халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша бір куәлік алу-дың қажеті жоқ», – деп жауап берген. Абылайдың кезінде сан түрлі тарихи оқиғалар орын алып, азапты күндерді көруге де халық мәжбүр болды. Мәселен, Цин империясы Жоңғар мемлекетін қырып-жойғаннан кейін, Қытай империясымен бейбіт қатынаста болуды талап етті. Қытай империясы бірнеше рет жерімізге шабуыл жасап, қазақ жерін жаулап алмақшы болды. Қытай мемлекетін жеңу оңай емес екенін түсінген Абылай хан саудасаттыққа жол ашады. Қытаймен жақсы қарым-қатынаста бола тұрып,

Ресеймен де саяси-экономикалық қатынастарды дамытқан. Ресей империясы қазақ жерінің шекарасына бекіністер, қамал-қалалар салып, оларды орыс казактарымен толық жайғастырып жатқанда және де Жайықтың, Ертістің тағы басқа өзендердің жағасына қазақтар малын жаюына тыйым салу жөніндегі жарлықтарын шығарғанда Ресеймен жағдайды шиеленістіруге бармай, мәселені дипломатиялық жолмен шешуге тырысты. Ол Ресей патшалығының отаршыл пиғылын, елді басып алу саясатының құрбаны болу қаупі тұрғанын сезді.

XVIII ғ. 70-шы жылдары Түркістан аймағында тұратын қазақтарды қырғыздар шауып, мал-жандарын айдап әкетіп отырады. Қиналған халық Абылайдан өздерін қорлықтан құтқарып, қорғауды талап етеді. 1779 жылы Абылай әскерлері қырғыздарды талқандап, басшысы – Садырбаланы тұтқынға алады. Қырғыздар келісімге келіп, бітім жасауды өтінеді. Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ қалалары босатылады, ал 1781 жылы Ташкентті бағындырады, оны алым-салық төлеп тұруға міндетті етеді. Абылай хан «... өзі әулет басы ретінде рубасыларының ғұрпы бойынша өмір сүру үшін Түркістанда қалды. Сонда 1781 жылы дүние салып, мұрдеі Қожахмет Яссауидің мешіті алаңына жерленді», – дейді белгілі ғалым Ш. Уәлиханов. 1781 жылы Абылай хан дүние салғаннан кейін еліміздің тұтастығы ыдырап, тәуелсіздігінен айырыла бастады.

1771 жылы жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Орта жүздің ханы болып не Әбілмәмбеттің інілерінің бірі, не үлкен ұлы Әбілпайыз сайлануға тиіс еді. Алайда, басты сұлтандардың, старшындардың, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің басшы өкілдері Түркістанда Абылайды хан көтерді. Абылай іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл қазақ ордасының ұлы ханы болды. Тарихи деректер, аңыз-жырлар да Абылайдың үш жүздің өміршісі ретінде ардақталғанын көрсетеді. Қытай императоры, Жоңғария хандығы, Орта Азия мемлекеттері Абылайды бүкіл қазақ ханы деп ресми түрде танығанымен оның беделінің өсіп бара жатқанынан сескенген Ресей патшасы Екатерина II Абылайға Орта жүз ханы ретінде ғана сый-сыяпат көрсетті. Бұл бір жағынан «бөліп алда, билей бер» саясатының көрінісі еді. И.Неплюевтің: «Қырғыз халқында бас ханның болуы пайдалы болмайтыны былай тұрсын, зиянды да болу мүмкін» деген пікірі мұны ая-

ғақтай түседі.

Абылай дарынды күйші

Оның өнерге бір табан жақын екенін біреулер білсе, көпшілік қауым біле бермейді. Алпыс екі тамырынды идіретін күйдің құдіретін сезіну кез келгеннің қолынан келе бермес. Мәселен, ол «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржын қақпай», «Майда жел», «Сары бура», «Шанды жорық» сынды күйлердің авторы. Хан ретінде ғана белгілі болмай, өнер жолына өзінше үлесін қосты. Сол себепті де қазақтың рухани әлеміне де өзінің ізін қалдырып кеткен тұлға.

Ұрпағы

Абылай өмір жолын ат үстінде жорықтарды өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің ішінде Қабархана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. Абылайдың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қыз қалды. Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келді. Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 1991 жылы Алматының басты даңғылдарының біріне Абылай есімі беріліп, темір жол вокзалының алдына ат үстіндегі ескерткіші орнатылды. Хан ескерткіші Жезқазған, Павлодар қалаларында да бар. Қазақстанның 1993 жылғы ең бірінші төл теңгесінде бейнесі берілгенді. 2005 жылы Абылайдың өмір жолына арналған «Көшпенділер» фильмі түсірілді. 2008 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен Петропавлда «Абылай хан ордасы» кешені ашылып, алдына ескерткіші орнатылды. Оның есімі Алматыдағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне берілген.

Түйін. Біз Абылайдың билік құрған жылдары оңай болмағанын көре отырып, жан-жақты бейбіт түрде саяси қарым-қатынас жасағысы келгендігін көріп отырмыз. Сан ғасырларды қамтыған тарих сахнасында ұлы тұлғаны зерттеу және бағалау міндетіміз болса, тілегіміз Абылайдай жүрегім қазақ, көңілім туған ел деп тұратын нар тұлғалы азаматтар көп болғай.

Назгүл РАБИЛОВА



АЛАШТЫҢ ЕР АЙБЫНДЫ АБЫЛАЙЫ

Ей, Абылай, Абылай!
Мен өзіңді көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің!
Жаныс Қарабайдың үйінде
Түнде туған ұл едің,
Әкең – күмән әуелден,
Оны да мен білемін! – десе, енді бір тұста:
Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды ұқпас ұл едің.
Қаршы менен Құзарда
Жалаңаяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің.
Атамөгіңді сұраса,
Арқар ұранды жат едің,
Қай түріңмен төре едің?
Шешенді және сұраса,
Қай алтынның буы едің?
Оны да мен білуші ем,
Түрікменнің жерінде,
Қашып жүріп күнелткен
Мәскенің қара күңі еді, – деп толғағнады.

БҰҚАР ЖЫРАУ

Күңіреніп ойлағанда алаш жайын,
Жанымды орай берсе ұлы уайым.
Кеудемде күннің нұры толғандай боп,
Жырлаймын алты алаштың Абылайын.
Арысқа асқандаймын, тауап қылсам,
Кебедей Абылайдың Бурабайын...
«Абылай әділдікпен хандық құрды,
Тірлікте Абылай аты ұран болды.
Абылай ел бірлігін берік ұстап,
Халқының дербестігін сақтап қалды».

Мағжан Жұмабаев

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҮШ АРМАНЫ

Ұлы хан дүниеден өтер алдында қоштасуға келген Бұқар жырау: «Хан ием, не арманың бар?», – деп сұрайды. Абылай хан сонда: «Үш арманым бар. Біріншісі: менің елім мал емшегін емген ел еді, аяғына дейін жер емшегін емгізе алмадым. Екіншісі: менің тұсымда қан көп төгілді. Соған өкінемін. Егер мен жаудың қанын төкпесем, ол менің қанымды төгетін еді. Үшіншісі: елімде телі мен тентек көп болды, бастарын біріктіру қиынға түсті», – деген екен.

АБЫЛАЙ МЕН ҚАРҒЫСШЫЛ ҚАЛМАҚ

Абылай қалмақтың қарғысшылынан қарғыстың жаманы қандай деп сұрағанда, қарғыс-шыл, бірінші: «Шөбің жапырылмасын!» – депті. «Мені кедей бол дегенің ғой, бұл қарғыс емес. Халқым бай болса бір менің кедейлігім кемшілік емес», – депті Абылай. Екінші, «Күлің шашылмасын», – депті. «Бұ да қарғыс емес, балаң болмасын» дегенің ғой, өзім жақсы болсам, халықтың бәрі де менің балам», – депті. Үшінші: «Өзің білме, білгеннің тілін алма» – депті. «Міне, жаман қарғыс осы!» – депті Абылай.

АЙТЫС. ҚАЗАҚТЫҢ ҚИЛЫ ТАРИХЫНА ЗЕР САЛСАҢЫЗ БҮЛ БІР ҚҰДІРЕТТІ ӨНЕРДІҢ АЛАР ОРНЫ ЕРЕК. ЗАМАННЫҢ АҒЫМЫНА САЙ САНАМЫЗҒА САЛТАНАТ ҚҰРҒЫСЫ КЕЛГЕН ШЕТ ЕЛДІҢ ДАҒ-ҒЫР МЫСЫ БАСҚАН ӘНДЕРІНЕН АЛТЫ АЛАШ БАЛАСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫНА ТӘН АЙТЫС ӨНЕРІ ӘЛДЕҚАЙДА АРТЫҒЫРАҚ. БІРАЗ ЖЫЛ СҮЙІЛІП САХНА ТӨРІНЕН КЕТКЕН АЙТЫСЫМЫЗ ҚОЮЛАНЫП ОРТАМЫЗҒА ҚАЙТА ОРАЛДЫ. ӨНІРІМІЗДЕГІ АҚЫНДАР АЙТЫСЫН СӨЗ ЕТЕ ҚАЛСАҚ АЛДЫМЕН ИМАНИ ЖОЛДА ҚАДАМЫ НЫҚ, ЖАРАТЫЛЫСЫНАН ЖАЙДАРЫ, ҚАТАРЫНАН ӘЛДЕҚАЙДА ҮДЕРЕ КӨШКЕН ҚУАНЫШБЕК ШАРМАНОВ ОРАЛАРЫ СӨЗСІЗ! АЙТЫС АЛАМАНЫҢДА КӨШ БАСТАП ТҮРҒАН АҒАМЫЗБЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.



ХАЛҚЫМА НӘР БЕРЕТІН ДҮНИЕМЕН АЙНАЛЫСҚЫМ КЕЛЕДІ

– Туған жері жайлы толғанбайтын ақын болмас! Туған жеріңізді тілге тиек етсеңіз... Ата-анаңыз, отбасыңыз жайлы да сыр шертсеңіз?

– Бұл жаққа мені тартып келген баяу ескен Баянның желі болар! 1987 жылы ШҚО Ақсуат ауданына қарасты Құмкөл ауылында дүниеге келдім. Бесік көрген, жұпар аңқыған желмен жарысып, тауды тасалап, тай мініп өскен қазақтың баласымын ғой, балалық бал күндерім сол ауылда өтті. Сасан бп атындағы орта мектепті 2005 жылы тәмемдеп, С. Торайғыров атындағы ПМУ-да музыка мамандығы бойынша білім алдым. Ата-анам қазақтың ата кәсібі мал бағумен айналысқан адамдар. Отбасымызда алты ағайындымыз. Ата-анам мен үлкен ағам сол ауылда тұрады. Үйдегі ұлдың да қыздың да кенжесі менмін.

– Ең алғаш ақындық әлемге аяқ басқаныңыз есіңізде болар. Айтысты қай жасыңыздан бастап серік еттіңіз?

– Мен негізі 6 сыныптан бастап өлең жаза бастадым. 9 сыныпта ең алғаш айтысқа қадам бастым. Мектепте оқып жүргенімізде осы айтыс өнеріне баулып, білгендерін үйретіп, ақындықтың сара жолына салған Серік Жұматов дейтін ағамыз болды. Ол кісі қазақтың ақын қызы Айнұр Тұрсынбаеваның әкесі. Нұржан, Оңғар және мен бәріміз де осы кісіден тәлім алған болатынбыз.

– «Менің үйімнен шеттеу ед үйің шамалы,

Есіме алсам сол күні миым тоңады. Телміруші едім ертеден сен жаққа қарап,

Күйзеліс көрген соққыдан күйім шамалы» – деп жырлаған екенсіз бала махаббатты. Қазір отбасын құрдыңыз. Жалпы, бойдақ кезіңізде көңіліңіз кеткен ару болған шығар. Жар таңдау қаншалықты қиын болды?

– «Жеңеше-ай» тобының орындауындағы «Балалық-ай бәріміз де ғашық едік қой, сыныптағы бір қара қызға» деген әнім бар еді. Сол әннің де, жаңағы өзіңіз айтқан «Бала махаббаттың» да басты кейіпкері сол ауылдағы бір қара қыз болатын. Сыныптың үлгі тұтар қара қызына бәріміз ғашық болатынбыз. Мұндай тәтті сезім әркімнің басында болады ғой. Ал жұбайыммен осы қалаға аяқ басқанда таныстым. Ол Алтайдың баурайында қазақ тәрбиесімен өскен қазақтың қызы, ата-анасы қазір де сол жақта «Керей» дейтін ауылда тұрады. Мен 1 курс табалдырығын аттағанда ол 4 курста оқитын. Содан танысып араласып, Алланың бұйыртуымен отбасын құрдық.

– Өлеңдеріңізден өте бір ауқымды, терең мағыналы сыр жатқанын байқауға болады. Мәселен, «Менде таулық» дейтін өлеңіңіздегі басты идея Мұқағалидан алынған сыңайлы. Ақын-жазушылардан кімді үлгі тұтасыз?

– Иә, басты идея сол кісіден алынған. Өзімде жазиралы жазы бар, самал жел ескен таудың баурайында өскен баламын ғой. Мұқағалидың «Мен таулықпын» деген өлеңін оқығаннан кейін ұзақ толғаныспен дүниеге келген өлең болатын. Мектепте сол ақиық ақын Мұқағалидың жырымен сусындап өстім. Бұрын өлеңнен қаншалықты қуат алдым, қазіргі кез-

де халқыма өлеңімнен қандай нәр бере алдым екен-ау деп ойланамын. Өйткені поэзия Мұқағалидың кезінде бір шок, Жұмекендердің кезінде бір биік болса, Төлегендердің кезінде өзінше бір дара жолмен сараланды. Солардай тыңнан түрен салып кетпегеннен кейін осы мен не жазып жүрмін, осы жазғаным дұрыс па әлде бұрыс па деп ойланатын болдым. Иманға келгеннен кейін ғана соны ұғынып, Құранда 114 сүре болатын болса, соның бірі ақындарға арналса, демек ақын деген қия басуға болмайтын, пенделікке салынбаудың жолын жанына серік еткен өзге бір әлем екен ғой, өлең дегеніміздің өзіндік бір сыры бар екен ғой деген ой қалыптасты. Халқыма кішкене болса да бір нәр беретін дүниемен айналысым келеді.

– Айтыста талай азулы ақынды тілмен тістелеп, мысын басқан азаматсыз. Қарап отырсам бас жүлдені де босатпаған сыңайлысыз. Мәселен, жуырда өткен Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдығына арналған облыстық ақындар айтысынан бас жүлдені иемденіпсіз. Өткенде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 120 жылдығына арналған ақындар айтысын тамашаладым, онда да бас жүлдені қанжығаңызға байладыңыз. Айтыс кезінде бір інііңіз:

«Айтыс сайын бәйге алдың оза шауып, Ойландырды ағасы бұл да бізді. Бас жүлденің басына мініп алдың, Айтыс сайын айтумен уағызды. Өзіңменен жүлдеге таласам деп, Талайлар мұрынынан су ағызды. Сірә, осы сізде бір сиқыр бар-ау, Құлатпай бөделінді тұрар ізгі Әр айтысқа келетін сияқтысыз, Бас имамға жасатып дұғаңызды», – деп іштегі бір өкпесін әзіл-шыны аралас өлеңімен ақтарғандай болды. Осыдан кейін көкейімізде бір жауапсыз сұрақ туындады. Шынымен, әр айтыстан бас жүлдені иемденуіңізде қандай сыр жатыр?

– Айтыста шабу мен шаң қабу деген нәрсе бар. Ақынның бір шарықтау мен құлдырау кезі болады. Ол бауырымыздың назы дұрыс та шығар. Кейде осы айтысқа бармай-ақ қояйын деп ойлаймын. Бірақ алдағы уақытта құлдырау кезі маған да келіп жетпей ме, оның үстіне Алла бойыма осындай бір дарын бергеннен кейін неге бұғамын, халқыма әсерлі ой қалдыратын өлең арнағаным дұрыс болар деп те ойланамын. 2006 жылы ең алғаш Маңғыстауға бардым, одан 1 орын әкелдім, содан кейін ұлттық арнаның тікелей эфирінен екі жыл түспеген «Айтыс Қазақстан чемпионаты» мен «Аламан» айтысқа қатысып аз-маз халыққа танылып, жолым болып жүрген кездер еді. Одан кейін, дәлірек айтқанда 3-4 курстарда құлдырау кезеңдер болды. Республикадан, облыстан тіптен аудандық айтыстардан да орын ала алмай жүрдім. Арасында бір терлеп-тепшіп 3-ші орынға әзер ілініп, болмаса ынталандыру сыйлықтарымен қайтатынмын. Аллаға шүкір соңғы жылдары қашқан бақ қайтып оралғандай, жаңа бір тынысым ашылғандай. Бірақ бұлда өтпелі, өйткені өмірдің өзі мәңгі емес.

Аллаға шүкір, қазір айтыстағы іні-бауырларымыздың жан-жақты өсіп қалғандықтары байқалады. Олардың да әлі асар асулары алда деп ойлаймын. Азулы ақындардың бір шоқтығы өсіп келе жатқанына қуаныштымын! Оларды талмай баптап, өнер бәйгесіне қосып жүрген Асығат Тұрғанбеков ағамызға да алғысымыз зор.

Айтыс тасадағы өнер емес, халықтың көз алдында жасалатын жауһар. Оны бағалайтын халық. Тура айтқан адам, шынымен тура жолда болса ол туғанына жақпаса да, туралықты сүйетін Аллаға жағады. Шын талант түптің-түбі тасты тескен тамшыдай халық санасынан өз орынын алмай қоймасы анық.

– Бүгінде көптеген өнер адамдары, өзіңіз сияқты айтыс дүлдiлдерi дiнге бет бұрып, имандылық жолына түсуде. Қазір осы «Мәшһүр Жүсіп» орталық мешітінде қызмет етесіз. Жалпы осы дін жолына бет бұрғанға дейінгі Қуанышбекпен жайнамазға бас қойған Қуанышбектің айырмашылығы бар ма? Өміріңізге я болмаса шығармашылығыңызға қандай өзгешеліктер ену-де?

– Аллаға шүкір, қазір бес уақыт намазын қаза етпей, қал-қадірінше құлшылық жасап жатқан намазхан бауырларымыз жетерлік. Көпшілік алдында жүргеннен кейін намаз оқып, Алланың ұлылығын, мейірім-шапағатын насихаттаған дұрыс. Алла Тағала кез келген нәрсе өзінің қалауымен ғана болатынын жеткізеді. Алланың құдіреттілігі соншалықты, тіпті қаласа қан майданда қарша бораған жебеге қарсы ұмтылғанды ажал құшағынан аман алып қала алады.

Бүгін ойланып отырсам, бұрынғы мағынасыз жазып жүргендерім, есерсоқ көңілмен желпініп, таң атқанша көз майымды тауысып жазған өлеңдерім түкке тұрмайтын дүние екен ғой деген тұжырымға келемін. Иманға дейін бір беркесіз күндер көшкенмін бе деген ой да мазалайды. Себебі «менмендігіміз» көзді соқыр етеді, тіпті, көзі ашық бола тұра қауіпті шұңқырды көруден қалатын деңгейге жеткізеді. Міне иманға дейін осылай өмір сүріп, біреудің құр мақтауымен желпініп жүрген кезімізде шүкіршілік етуді ұмытамыз. Дінге келгеннен кейін уақыт дегеннің құнды екенін, мақтағанның бәрі бірдей дос емес екендігін аңғардым. Алла алдында мақсатымыз, міндетіміз басқа екен ғой деген ойға келдім. Иә, Орталық мешіттің мәдени іс-шаралар бөлімінде қызмет етудемін. Бас имам Нариман ағамыз хабарласып жұмысқа шақырғанда бірден келістім. Алла қаласа тағы бір кітабымды шығаруға дайындалып жатырмын. Бұл жинаққа енген өлеңімнің баршасы дерлік ізгілікке, имандылыққа, рухани байлыққа шақырар дүниелер.

– Сіздің драматургия саласына қосқан үлесіңізді – «Шарана» деп білеміз. Сол жайында айтсаңыз...

– Қытайда екі баладан артық баланы дүниеге әкелуге тыйым салған. Ал егер, ана көтеріп қалған жағдайда түсік тастайтады немесе өзгенің қамқорлығына беруі тиіс. Ана құрсағында жаңа ғана дамып келе жатқан шарананың не жазығы

бар? Жарайды Қытайды түсінеміз, сыйыса алмай жатқан болар. Немесе басқа да саясаттары бар шығар. Біздікі не? Мына тәлтіректен тұрған тәуелсіз мемлекетті, далиған даламызды ұстап тұрарлық күш-қайратымыз аздық етіп, өсе алмай, өне алмай жатқан жоқпыз ба.

Елімізде «Көкей» анаың санын артырып, жетім баланың көбеюіне ықпал ететін оқиғалар соңғы кездері өте жиі қайталануда. Қасіреті сол, осы мәселені қозғаған сайын қоғамның қотыры асқынып барады. Қазақы тәсілге салсақ, қыздан кеткен ұяттың, ұлдан безген намыстың кесірінен тасбауыр әке, безбүйрек ана, тастанды бала көбейді. «Баласын тастап кетіпті», «Оң босағада отырып, аяғы ауырлапты», «Түсік жасатыпты» деген суық хабарға ет өлді, құлақ көнді. Бұл әрине ең алдымен тәртіп пен тәрбиенің жоқтығынан туындап отыр. Бізде перзентханалардан гөрі жетімдер үйі көп. Тасбауыр қоғамымыз тастанды сәбиін шетел асырды. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Некелесіңдер, көбейіңдер! Қиямет күні мен сендердің көптігіңмен мақтанамын», – дейді. Дін тазасы Ислам да адамның көбейгенін, баланың көп болғанын қалайды. Ал біз балаларымыздан безінуден алдымызға жан салмай отырмыз. «Шарананың» негізгі мазмұны жалпы осы тақырыптарды қамтитын туынды.

– Болашақ жоспарыңыз қандай?

– Болашақ жоспарымның бірі ой қуып ілім іздеген, сырлы сөзден асыл маржан терген, заманауи жастардың бас қосқан киелі қара шаңырағы Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы ПМУ-да «Ұлағат» жастар клубын ашапқын. Негізі бұл клубты мен сол университет қабырғасында жүргенде ашқан болатынмын. Студенттермен 3 жылдай жұмыс істедім. Көптеген танымдық шараларды ұйымдастырып, ата-бабамыздан келіп жеткен, құнды қазыналарымыздың бірі ұлттық ойындарымызды дәріптеу мақсатында көптеген іс-шаралардың басы қасында болып, біразын жүзеге асырғанбыз. Кейін мен университетті бітіргеннен кейін ол клуб ары қарай жұмысын жалғастырмады. Енді сол университетте қызмет ететін Тілек Мәсәлім дейтін азаматпен бірлесе отырып «Ұлағат» клубымен жастардың ұлтқа деген ұлағатын көтеріп, имани, рухани тұрғыда ары қарай қайтадан жалғастырып дамытсақ па деген ойымыз бар.

– Жастарға деген тілегіңіз?

– Парызы мен қарызын, құрметі мен міндетін, білім төңірегіндегі еселі ой өрістерін ортаға тастай алатын иманды жастар болса келешекке кемел біліммен аттанарымыз сөзсіз. Бүгінгі жастар ғылым жолындағы студенттердің яғни болашақ қоғам өкілдерінің кез келген уақыт пен кеңістікте заман талабына сай ақыл-ой парасат, білім жинап, бір тұлға болып қалыптасуын тілеймін

– Әсерлі әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Мереке АМАНТАЙ



Жеті ата дәстүрінің тарихын қазып, біраз дүниені қопсытып алғанда мына оқиғаға тап боламыз. XV ғасырда Қазақ хандығы орнап, хандықты Керей мен Жәнібек басқарғаны анық. Бірде, Жәнібек ханның кеңесшісі Жиренше шешен науқастанып, төсек тартып қалады. Танымал емші мен тәуіптерден қайыр болмай, соңында Өтебойдақ есімді емші Жиреншені аяғынан тұрғызыпты. Жиреншенің «қандай ауруды емдеу қиын?», – деген сұрағына «тұқым қуалайтын ауруды емдеу қиынның қиыны», – деген екен. «Ал, оның алдын алуға бола ма?», – деген сауалына Өтебойдақ емші: «жеті атаға дейін қыз алыспау қажет» деп жауап қатса керек. Емшінің айтқанын Жәнібек хан жадына тоқып, жанын сала халқына жеті атаға дейін үйленуге тыйым беріпті. «Кімде кім жеті атаға толмай үйленсе, өлім жазасына кесіледі» деген Жәнібектің жарлығы ел арасына таралып кеткен екен. Содан бері қазақ патшалары осы тыйымды өз жарлық заңдарында мықтап берік ұстанып келіпті.

Шын мәнінде, кейбірі бұл оқиғаны аңызға балайды. Кейбірі тарихи факт, дейекті дәлел ретінде мақалалары мен еңбектеріне арқау етіп жүр. Қалай десек те ұрпақтаң ұрпаққа мирас болып, жеті атаға жетпей қыз алыспау тыйымы қазақтың қанына сіңіп, бойына дарыды. Бабаларымыз өздерінің үрім-бұтағына жеті атасына дейінгі шежірені үйретіп, жадына жаттату арқылы сол дәуірдегі қоғамда жеті ата яки ата тектілігі сынды қасиетті институтты қалыптастырғаны рас. Мәселен, тағы да тарихқа үңілсек, Тәуке хан өзі патшалық құрған жылдары Қазақ хандығының басты заңы «Жеті жарғыда» бұл тыйым ресми түрде бір бап ретінде енгізілген. Осы уақыттан бастап ата-бабамыз әулеттің арасы жеті ұрпақтан асқанда, қай жүзге жататынына қарамастан, бүкіл үш жүзге сауын айтылып, үш жүздің көзінде оларға ресми түрде «ру» мәртебесі берілетін болған. Жеті атадан қыз алыспау тыйымының берік сақталуын ел ақсақалдары өз бақылауында ұстап отырған екен. Тыйым бұзылған жағдайда ел ішінде үлкен дау болып, кейінен жиын шақырылып, дәстүр бұзғандардың арасы алшақ болса, «боз бие» сойылып, ескерту айтылып, екі жасқа бата берген. Ал, аралары тым жақын болған жағдайда «өлім» жазасы тағайындалып, яки елден алататылған.

Генетикалық тектілік пен ұрпақ бұзылмауының негізгі код

Қанының тазалығы мен ұрпағының денсаулығы жеті атасын білумен ғана шектелмейтіні шын. Ата тегін білген ер жігіт өзінің тегіне, болашағына аса бір құрметпен қарайтыны да рас. Сондықтан тектілік құндылығы сезімнен де биік тұратын болар. Қазақтың дархан даласымен, асқар таулары мен жазиралы сары даласымен бүгінде әр қазақ мақтанады. Атамекені үшін мақтанашы да, махаббаты да сонау тектілігінің тамырында жатса керек. Түп атасынан



«Жеті атасын білмеген жетесіз» деген көнеден қалған сөздің астарында үлкен пәлсапа жатыр. Атасының ғана емес әулетінің шежіресіне қанығып өскен баланың ата тегін қадір тұтатыны белгілі. Сонымен қоса, жаһанның медицина қызметкерлері мен генетик ғалымдары жеті атадан қыз алыспаудың ұрпақ денсаулығы мен қан тазалығының кепілі екенін жамыра жар салуда.

жеткен генетикалық код сол өзі білмеген дүниелер мен өзі көрмеген адамдар мен олардың тіршілігіне, өмір сүрген ортасы мен мекеніне аса бір құрметпен қарауына себепші болады. Қазақта оны тектілік қасиетке балаған. Аталық тектілікті сақтау жолында үлкен тәлім-тәрбиелік мектептің рөлі мықты болған. Әрбір әкеге, атаға баласына жеті атасын тарқатып беріп, олардың тіршілігіндегі ерлігі мен парасаттылығын, даналығы мен қайсарлығын тағысын тағы құлағына құйып өсіру борышы жүктелген. Бұл да баланы тәрбиелеудегі дала мектебінің жетістігі. Осы дала мектебінің арқасында елін, жерін, руласын, патшасын, туғанын сүйер ержүрек азаматтар қалыптасты. Жауға бергісіз қайсар батырларымыз бен өткір тілді жыршы, жырауларымыз ата төлімінен сұсындаған жандар. Ата-бабаларымыздан бүгінге дейін жеткен ең жақсы қасиеттері мен дарынын кейінгі ұрпақ жалғастыруы тиіс. Кейде өзіміз байқай бермейтін, қазақ

бойынан өзгелер көретін қадір-қасиеттің бәрі сол жеті атадан қыз алыспау тыйымын мүлтіксіз орындағаннан бүгінге дейін жеткенін жаһанның ғалымдары да дәлелдеп жатыр. Сан ғасырлар бұрын ата-бабаларымыздың жеті аталық жүйесін заманауи ғалымдар қолдап, дұрыс деп тауып жатса, бүгінгі қазақтың ұрпағы жеті аталық шежіресін білуге нәліктен ұмтылмайды? Заманауи қазақ қоғамы әулеттік емес, отбасылық қағида тұрғысынан өмір кешіп келеді. Әулеттік, ағайындық мектептің орнына батыстық отбасылық жүйе қалыптасты. Бүгінде ел ағасының әулет түгіл бауырының баласына сөзі өтпейтін халге жеткеніміз қашан. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер. Жеті атасын білмеген, құлағы мен жағын жер» дегендей, бір әулеттің қамын жегенше, бір-бірінің аузынан шыққан сөзін аңдып, құлағын жеп жүрген ер азаматтарымыз өсіп келе жатқаны тағы шын. Бұл – бүгінгі қазақтың қасіреті.

Медициналық дәлел

Қазақта жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі қазірге дейін сақталған. Бұл дәстүрді шетелдік танымал ғалымдар да өте үлкен құндылық деп бағалайды. Өйткені адам ағзасындағы гендік мутациялар осы туыс аралық яки қандас некелер арасында туындайды, яғни гендік өзгерістер көріну жиілігі осы некелер арасында жиілей түседі екен. Генетиктердің пайымынша жеті ұрпаққа дейін ақуыз жасаушы аминокышқылдардың сәйкестігі дәл келеді екен. Соның салдарынан адамның жетінші ұрпағына дейін тұқым қуалаушылық сақталады. Бірінші ұрпақта жағымсыз рецессивті гені бар гетерозиготалардың ықтималдығы елу пайыз болса, жетінші ұрпақта бір пайызға да (0,78) жетпейді. Демек, бұл жеті атадан кейінгі ұрпақта мутантты гендердің әсері байқалмайтын көрсетеді. Осыған байланысты туыс емес адамдардың жыныстық жасушаларында жағымсыз гендердің сәйкес келу ықтималдығы өте төмен. Демек, жеті атаға жетпей некелессе, адам генетикасындағы хромосомалар санының, құрамының қалыпты жағдайдан өзгеруіне және белгілі бір гендердің мутациясына байланысты адам ауруға душар болады. Ал, дүниежүзінің көптеген елдерінде туыс адамдардың бір-бірімен некелесуі өте жиі кездесетін құбылысқа айналды. Бұндай некелерде психологиялық ауытқулығы бар немесе кемтар балалар дүниеге келеді. Осыған байланысты жаһан генетиктері дабыл қағуда. Генетиктердің айтуынша туыстық қарым-қатынасы бар адамдар некелескен жағдайда дүниеге келген баланың түрлі генетикалық ауытқушылықтан болатын ауруларға душар болады екен. Мәселен, Клайнфельтер синдромы, даун синдромы, гемералопатия (түнде көрмеу), дальтонизм (түстерді ажырата алмау), гемофилия (қанның ұйымауы), галактоземия, ақылдың кемдігі, бедеулік сияқты аурулар туысқандық некелерде жиі кездеседі.

Сөз түйін. Жеті атасын білу дегеніміз аталарының есімдерін білумен шектелмейтінін әрбір қазақ біледі. Алайда, әрбір қазақ аталары турасындағы шежірені білмеуі де мүмкін. Жеті атасын білу тек өз абыройы, отбасы құндылығы ғана емес, ұлттың болашағына ықпал ететін қозғаушы күш. Жеті атаға дейін қыз алыспау бүтіндей қазақ халқының салауатты ұрпағы, саламатты келешегі екенін естен шығармаған жөн. Сонау ғасырлардан бері санамызға тоқылып, қанымызға сіңіп жеткен осы бір тыйым қанның тазалығы мен тектіліктің асылдығына кепіл берері даусыз. Оны бүгінгі ғылым да зерттеп, тайға таңба басқандай жария етіп отыр. Тәуелсіз мемлекетіміздің гүлдену мен дамуына дені сау ұрпақтың үлесі басым екенін ескерсек, жеті атасын біліп, жеті атаға дейін қыз алыспау қағидасымен өмір сүрудің де маңызы зор екенін түсінген абзал.

Жанар ЕЛЕШОВА

БІЗДІҢ САУАЛ

«Жеті атасын білген ұл Жеті жұрттың қамын білер. Жеті атасын білмеген Құлағы мен жағын жер», – демекші бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасының, жеті атасы туралы шежірені біліп, кішкентайынан жаттап өсуі тиіс. Жеті атасын білу – этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, темірқазығы. Бүгінгі қоғам жеті атаға дейін қыз алыспау тыйымын қаншалықты орындайды және жеті ата шежіресін біле ме деген кішігірім зерттеуіміз бүгінгі сауалнамамызға арқау болды. Сіздердің назарыңызға №10 Абай атындағы дарынды балаларға арналған лицей мектебінің оқушылары арасында жүргізген сауалнаманы ұсынамыз:

«Жеті атанды білесің бе?»

Оразбай Мирас, оқушы:

– Иә, білемін, жеті атамды білу – бұл менің парызым. Жеті атасын көз келген жігіт, тіпті қыз бала да білуі қажет деп санаймын. Оразбай, Нұрғали, Жаншөке, Сүгір, Құлмырза, Бөкен, Хангелді.

Қобылан Асыл, оқушы

– Әрине білемін. Және жеті атасын әрбір қазақ білуі қажет. Азамат, Қобылан, Мұхтар, Сүлеймен, Ыдырыс, Шектібай, Бектібай.

Ғалымжан Зекен, оқушы

– Білемін. Жай білу аздық етеді. Аталарының шежіресін жатқа біліп, олардың өмірлік, тұрмыстық, кәсіптік т.с.с. қабілеттеріне де қанық болуы тиіс. Руслан, Зекен, Нұрман, Сәке, Жолдас, Андабас, Сапай.

Беков Санжар, оқушы

– Білемін. Қазақ болғаннан кейін білуге тиістімін деп ойлаймын. Аталарым: Баймырза, Базарбай, Орынбай, Мақыбай, Бек, Әбсамат, Әуезхан.

Зейнолла Жалғас, оқушы

– Өкінішке орай үш қана атамды білемін. Зейнолла, Қабдолла, Сәду.

Набиев Бейбіт, оқушы

– Әрине білемін. Қазақтар көнеден бері жеті атадан қыз алыспау тыйымына берік. Бұның кейінгі ұрпақ денсаулығына пайдасы мол екенін бүгінгі ғалымдар дәлелдеп те жүр. Сондықтан, баба аманатына кейінгі ұрпақ берік болғаны қай жағынан болса да бізге жақсы. Менің жеті атам: Ақтілес, Қашқынбай, Қожақан, Байжұман, Айтқұл, Қаңтарбай, Наби, Төлеутемір.

Сауалнаманы жүргізген Рахила РАХИМЖАНОВА

ЗАМАННЫҢ АЗҒАНЫ МА?

Бүгінгі таңдағы жан түршіктірер мәселе көмелетке толмаған балаларға жыныстық зорлық-зомбылық көрсету болып отыр. Ғылыми тілмен айтқанда оларды педофилдер деп атайды. Көзінде атақты Меңке би: «Ұят жағы кем болар, сөйткен заман көз болар» деп осы заманның қасіретті болатынын айтса керек. Яғни осы заманның пақырына айналып отырған қасіретті дерт педофилдер жайында сөз қозғасақ.



Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп айқын көрсеткен. Бала дүниеге келген сәтінен бастап осы өмірді көрсем, білсем, болсам деген ұмтылыста болады. Ал қасақана адам өмірін құртып, бала көңілі мен арманына қол салу жиірек іс. Мәселен, осы күндері балаларға зорлық көрсететін қаныпезерлер көбейіп кетті. Ал мамандардың пайымдауынша педофилдікке жүйке жүйесі нашар, иман нұрының жоқтығы және шұғылданатын істің болмауы себеп болады екен. Бірнеше жылдар төңірегінде Батыс елдерінде көмелетке толмаған балаларға жыныстық зорлық-зомбылық көрсету басым болса, бүгінгі таңда бұл дерт біздің елдің де жаурынына жабысқан кесел болып отыр. Көбінесе осындай жайттар Ақтөбе және Алматы облыстарында жиі болып тұрады.

АЗҰПЫ ДЕРТПЕН ЖАҒАН ЖҰРТЫ ҚАПАЙ КҮРЕСУДЕ

Осы педофилдерге қатысты Америкада 1990-шы жылдары күшіне енген мәжбүрлі жауапқа тарттыру туралы заң да бар. Польша мен Чехияда мұндай қылмыскерлер түрмеде жазасын өтегеннен кейін міндетті түрде тарттырылады. Ал Германияда, Францияда, Арменияда химиялық піштіру сотталғанның келісімімен жасалады екен Израиль мен Италияда осындай бастамалар қаралуда. Халықаралық құқықтық ұйымдардың мәліметтеріне сәйкес, жоғарыда аталған химиялық кестіру шарасы қолданылатын Еуропа елдерінде және АҚШ-тың кейбір штаттарында мұндай қылмыстардың саны 50%-ға қысқарған көрінеді.

Оңтүстік Кореяда мұндай қылмыс жасағандарды мерзімнен бұрын босатуға тыйым салынған. 13 жасқа дейінгі баланы зорлап, өлтірген қылмыскерлер бұл елде өлім жазасына кесілуі де мүмкін. Ресейде 8-20 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

САҰДЫҢ АСЫН ІШІП...

Қоғамда жиі кездесетін бұл құбылысты – психикалық дерт, жыныстық ауытқушылық дейді медицина мамандары. Психиатрияда бүлдіршін қыздар мен ұлдармен жыныстық қатынасқа түсуді қалайтын жыныстық ауытқушылығы бар адамды науқас ретінде қарайды. Американдық психиатр Ричард Грин «Педофил – психикалық ауытқушылық» атты мақаласында бұл дертті психологиялық ауытқушылыққа, қылмысқа, ауруға санайтынын айтады. Оның ойына қарсы психологтар да табылады. Мәселен, Чарльз Аллен Моузер деген психиатр бала мен ересек арасындағы жыныстық қатынас қылмыс болып саналмайды деп әлемді бір дүр сілкіндірген екен. Ол тіпті мұндай ауытқушылығы бар адамдарды егер ешкімге зиянын тигізбесе оларды емдеу немесе қоғамнан оқшаулаудың керегі жоқ депті. Бұл әрекеттің қомға зияны болмайды дегені сасқан үйректің артқа қарай жүзгені секілді.

ӨЗІ ӨТКЕН ЖОЛМЕН ЖҮРГІЗДІ...

Жаһан психологтарының айтуынша әр адамның мінезі ғана емес, ауруға деген бейімдігі де 5-8 аралығында қалыптасады. Осы жас аралығында бала келеңсіз әрі өзіне түсініксіз оқиғаларды басынан өткерсе, олардың махаббатқа, өмірге деген көзқарасы, яғни оның қалыптасқан болмысы өзгерістерге душар болады. Демек, педофилдердің өздері 5-8 жас аралығы кезінде үлкендерден ауыртпалық, қорлық көрген балалар. Бала кезінде қиыншылығы мен ауыртпашылығы туралы ешкімге айтпаған бала ашу-ызамен

өседі. Психологиялық тілмен айтқанда, бала күйінішімен жаны ергежейлі күйінде өспей қалады. Бұл дерт бала кезден қалыптаса бастайды. Мұндай ауытқушылығы бар адам жастайынан өзінен кішілерге тиісуді бастайды. Солардың 40% 15 жасқа толмай жатып немесе 20 жасқа дейінгі кездерінде балаларға зорлық көрсете бастайды. Ал, бүгінде кеселді дертпен ауыратын жастардан гөрі, ел ағасы болып жүрген сыйлы азаматтарымыз арасынан жиі кездесуде. Жыныстық зорлыққа тап болатын көбіне 75-88% он екі де бір гүлі ашылмаған қыз балалар.

ДЕРТКЕ ДАҰА ТАБА АЛАМЫЗ БА?

КСРО кезінде педофилдіктен науқасты емдеу тәжірибесі болмаған. Ал, батыста өте көп емдеу шаралары ойлап, табылған. Алайда, бұл шаралар педофилдердің азаюына ықпал етпей, керісінше олар күн санап өсе берген. Заманауи мамандар айықпас дерттің өзімен емес, тек науқас өзін бақылауды ғана үйренсе жеткілікті дегенді жиі айтады. Ғалымдар тіпті табиғи андрогендердің белсенділігін әлсірететін дәрі де ойлап тауыпты. Қазақ тегі мықты жамандыққа бармайды деуші еді. «Жамандықтың тегі болмайды, жауыздықта шек болмайды» деген сөзді айтудың орайы түсіп отыр. Бұл пәленің жемісімен күреспей, тамырына балта шабылуы қажет-ақ.

ПЕДОФИЛДІК ҚАТЫНАС - ҚЫЛМЫС

Балаларға жыныстық зорлық көрсеткен қылмыскерлердің 90% өмірде жолы болмай жүргенде балаларға зорлық ететін көрінеді. 2-10% қылмыскерлер қанағаттану үшін емес, біреуді қорлау, зомбылық көрсету арқылы айызын қандырады. Яғни біреуді қинаудан ләззат алатын адам деуге болады. Ең қорқыныштысы осы аталған адамдардың бәрі де бала-шағаға жақын жүреді. Өркениетті заманның дерті міне осындай.

Соңы. Жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдары бізге таңсық батыс елдерінде педофилдік қылмыс кең етек жайып жатқанда, еліміз бұл сөзді айтуға да қорқушы еді. Сол жылдардың өзінде балиғат жастағы сәбилерге зорлық көрсететін қылмыскерлерді қорғайтын ұйымдар азғындықтың астанасы Голландияда ашылған екен. Балаларға қорлық көрсетіп келе жатқан қаныпезерлерді қолдайтын заманға шын жеткеніміз бе? Заманның азғаны деген осы ау сіре?! Ал біздің мемлекетімізде бала өмірін азаппен қиятын адамдарға қатаң жаза қолданса екен деген тілек бар. «Ұят болмасын десеніз мұндай өрескел жайттар біздің қоғамда болмай-ақ қойсын.

Назгүл РАБИЛОВА

ОЙТАМЫЗЫҚ

КАЗАКТЫҢ ҚЫРМЫЗЫ ҚЫЗДАРЫ



Қыз емес қыздың аты қызыл алтын Көрінер толған айдай жүзі жарқын. Үлкеннің алдын орап сөз сөйлемес, Халқының сақтай білген ізгі салтын, Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Қай заманда болсын қазақ халқы қыз жұртын әрқашанда бағалап, сыйлап отырған. Қыз баланы құрметтеу олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізет көрсетуді әр кезде де басты орынға қойған. Сонымен қатар, қыз баланың тәрбиесіне аса мән берген. Қазақ анасы үшін қыз баланың тәрбиесі өзге жұмыстардан қарағанда әрқашанда бірінші орында болған. Қыз бала анаға бір қадам жақын болады емес пе?! Әр ана сәбиді осы жарық өмірге әкелгеннен бастап әлдилеп, аялап, мөпелеп жаңа өмірге қадам бастырады. Өмірдің ыстық суығымен жақсы-жаман қағидаларды айыра білуді үйрететін осы аналарға жүктелетін маңызды істің бірі болып табылмақ. Ананың қызына жақсы тәрбие беруі өмірлік борышы болып есептеледі.

Мәселен, Қытайда қыз балалар әдептіліктің, әдеміліктің символы болып табылады. Бірақ қазіргі таңда осындай сөздерге лайық қыздар кездесе ме? Яғни атына заты сай демекші иман жүректі, адал, ибалы да инабатты қыздар қазақ атына сай атты

жалғастыра ала ма екен? Бүгінгі қазақ қоғамы шығыс, Еуропа елдеріне еліктеп, ел қақпасының есігін басқаға ашқандай өзге ұлт тәрбиесіне көше ме?

Жапон қыздары биязы және тұйық келеді. Өйткені, ата-баба дәстүрі қыз баланың ер адамының алдына шықпауын кішкентайынан ұғындырып өсіреді. Өрине өмір, заман талабына қаласақ та, қаламасақ та мойынсынуға мәжбүрміз. Сондықтан, қазіргі күнде өмір талабы солай. Ал, Құдай жаратқан нәрсенің бәрі өз орнында. Тек өзгерген адамның өзі ғана. Тектілігі тереңге тамырланған қазақ халқы бала тәрбиесіне аса назар бөлген. Сол қағида, дәстүр-салтымыз аспан айналып жерге түссе де, әрқашанда өз билігінде қалса екен деймін.

Қыз бала әрқашанда өзінің ұқыптылығымен, сүйкімділігімен, жанының нәзіктілігімен, шеберлігімен, әр іске талапты да алғырлығымен халыққа әрдайым көзайым болуы тиіс. Себебі, алдағы уақытта қазақ халқына тәрбиелі де, өнегелі, саналы ұрпақ жетілдіру, әр әулеттің түтінін түтетіп, бесігін тербетіп отыратын осы қазақтың қырмызы қыздары. Сол себепті, қыздар қауымы өзіміздің қазақ халқына тән атымызды биік қойып, тәрбиемізді де жоғалтпайық.

Мәлдір САҒИДОЛЛА

Егіздер туралы аңыз

Аңыздар мен көркем әдебиеттерде, жалпы жаһандағы әр дәуірлерде әр ұлттың санасында егіздер беймәлім дүниенің айғағы болды. Әлемдегі сирек кездесетін таңғажайып құбылыс ретінде егіздер адам санасын қызықтырып, аңыз ертегілерге арқау болғаны шын. Ықылым заманнан бері егіздерді болашақты болжайтын, табиғи және адам өмірінде болатын оқиғаларға әсер ете алатын тылсым күш иесі ретінде де қабылдаған. Өткен дәуірлердегі аңыздардың желісіне көз салсақ, адамдар егіздерден қорыққанын да аңғаруға болады. Аңыз бойынша көбіне екеуінің бірі жақсылық, бірі жамандықтың белгісі болған. Ол кездері бір ер адамның екі баланы бірден ұрықтандыруы санаға қонымсыз, сиқырлы әрі табиғи емес құбылысқа баланған. Егер ана жұп балаларды дүниеге әкелген болса, онда бұл іске құдайлар мен әзәзілдер, жын-перілер мен хайуанаттардың атсалысқандығы деген түсінік болған ежелгі адамдарда.

Үндіеуропа мифологиясында егіз ағайынды жігіттер «Аспан құдайының балалары» деген атаумен белгілі. Осы сынды «аспан балалары», «аспан ұлдары» деген бейнелеу нуэр, ньоро, ронга, және басқа да Африка елінің халықтары арасындағы аңыздарда да жиі кездеседі.

Егіздердің хайуандарға не қатысы бар?

Егіздер туралы ұғымды көбіне хайуандар туралы аңыздарда көп кездестіруге болады. Оларды халық жануарлармен туыстығы бар деп сенген. Мәселен, нивхаларда (Сахалин, Приамурьеде) егіздердің анасын аюдың апанына апарып жерлеген, ал егіздердің өздерін аңға теңеген. Көне Үнді елінде егіздерді жұп құсқа, қос жылқыға бейнелеген екен. Атты егіздер бейнесі көне германдықтар мен Балтық мифтерінің арқауы болып келді. Өлі күнге дейін литвалық ауылдарда аттың басында отырған егіздердің емдік қасиеті бар деген сенім бар. Ал, үнділер пайымынша егіздердің науқастарды емдей алатын пәрмені болыпты. Көне Римдіктер қасиетті «римдік фикус» ағашын Ромула мен Рема атты әулие егіздерімен байланыстырады.

Бүгінгі күннің аңыздары

Әлімсақтан бергі егіздер жайындағы мифтердің ғылыми тұрғыдан еш сиқыры мен тылсымдығы болмағанын бүгінде біз білеміз. Алайда, ХХІ ғасыр адамдарын көне дәуірлік сенімдер мен нанымдар қатты таңғалдыра қоймас. Дегенмен, заманауи заманның егіздері жайындағы өз аңыздары бар. Егіздердің мінездері екі түрлі болады. Бірі – «жақсы», бірі «жаман» деген аңыз әлі күні халық арасында. Олар өсу барысында бір-біріне әсер етуі мүмкін. Дегенмен, олардың мінездері, темпераменті, әдеттері бір-біріне емес, ата-аналарына ұқсайды деп айту жөн болар. Оларды жан-жақтағылар әрдайым бір-бірімен салыстыруды еш тоқтатпақ емес. Салыстыру арқылы жаман мен жақсыны айырғысы келеді. Салыстыруды неге әкеп соқтыратынын өздеріңіз де білетін боларсыздар. Енді бір аңыз, егіздер айнамастай ұқсас әрі оларды ажырату мүмкін емес. Егіздер еш уақытта бір-бірінен айнамастай ұқсас болып келмейді. Гендері мен хромосомдарының топтамасы бірдей болғанының өзінде олар біз ойлағандай біріне-бірі ұқсамайтын көрінеді. Қай жағынан қарасақ та бойы, салмағы, мінезі бәрі де 100 пайыздық ұқсастық бермейді. Және жеке отбасын құрып, бақытты өмір сүріп жатқан егіздерді күнделікті өмірден көруге болады. Ата тегіңде егіздер болған болса, міндетті түрде қайталанатын деген сөз қаншалықты ғылыми дәлелденген? Егіздердің туылуы генетикалық тұрғыдан қайталануы да қай-



Егіздер – ерекше жаратылған жандар

Егіздер Жаратқанның ерекше жартылысы екені рас. Бүгінде оларды көріп қайран қалысатын жұрт егіздердің дүниеге келуін «экологияның әсерінен» болар деп те ой түйеді. Қалай десек те бір-бірінен айнамастай етіп киіндіріп алаған бөбектер анасының ерек қабілетіне қызыға қарайтындар да бар. Жаһан бойынша 45 нәрестеге бір дені сау жұп сәбилер келеді екен. Осы күні өмір есігін ашып жатқан егіз нәрестелер артуын мамандар жастардың кеш үйленуімен және бедеуліктің көбеюімен байланыстырады. Бедеулікті емдеу барысында қабылдаған дәрілер мен ЭКО бағдарламасы бойынша бала көру көп ұрықты балалардың дүниеге келуіне себеп болуда. Алайда әр жағдайды жеке қарастырған абзал.

таланбауы да мүмкін. Бұл «ерекшелік» бір ұрпақтан кейін қайталанатын дегені орындалмауы да ықтимал.

Ғылымның тілінде

Егіз балалы болу әйелдің бір мезгілде бірнеше ұрықты сиңіру мүмкіндігіне тікелей байланысты. Екі жұмыртқадан пайда болатын егіздер тұқым қуалайтын болса, бір жұмыртқадан пайда болатын (полярлық) егіздердің тұқым қуалау оқиғасы осы күнге дейін әлі тіркелмеген. Полярлық егіздер, яғни бір-бірінен айнамайтын егіздер – өте сирек кездесетін егіздер түрі. Жартылай гендері бірдей (анасынан), екінші жартысы әртүрлі (әкесінен) сол себепті, оларды жартылай идентті деп те атайды. Ұрықтанбай тұрып бір жұмыртқада болып, полярлық бір денені, яғни бір жасушаны құрайды да әдеттегідей өліп қалады. Кейбір жағдайда полярлық дене өсіп, өлмеуі мүмкін. Бір-бірінен айнамайтын бір жұмыртқалы яғни, бір ұрықтың екіге жарылып, екі бірдей тіршілік иелерінің пайда болуына не әсер ететініне әлі күнге дейін ғалымдар нақты жауабын бере алмай келеді. Бір жұмыртқалы балаларды туу ешқандай сыртқы (экологиялық, физикалық, химиялық) және мұрагерлік (гендік) факторларға тәуелді емес. Статистика әрбір 1000 жүктіліктің үшеуі бір жұмыртқалы жүктілік болады дейді. Бұдан бөлек, түрлі жұмыртқалы, екі жұмыртқа жасушалары екі түрлі ұрықпен аралас ұрықтанатын және өте сирек кездесетін екі түрлі ер адамнан екі жұмыртқа ұрықтану түрлері табиғатта кездеседі екен.

Егіздер - экстрасенстер

Олар бір-бірін қашықтықтан сезінеді екен. Алайда, бұл туралы ғалымдардың нақты дерегі жоқ. Егіздер уақыттарының көп бөлігін бірге өткізетін болғаннан кейін, бірінің мінезі мен әдеттерімен жақсы таныс. Сол себепті, бір-бірінің қандай жағдайда не ойлауы сияқты болжамдарды нақты жасай алуы да түсінікті. Олардың арасындағы қатынасты көріпкелдіктен гөрі психологиялық тілмен «эмпатия» деп айтуға келеді. Жалпы егіз болмаса да басқа адамның ойынан хабар білу, оның сезімдер мен қылықтарына түсінік бере алатын табиғатынан қабілетті жандар

болады. Оларды әрине, экстрасенс деп айтудың қажеті бола қоймас. Қасындағы адамның ішкі жан дүниесін мейлінше түсіне алатын адамдар қасиетін көрегендікке немесе тылсым күшке балайтыны да рас. Дәл солай егіздерде де. Егіздер бір-бірімен көп уақыт әңгімелесіп, бір-бірімен ақпарат алмасатындықтан олардың арасындағы эмпатиялық қарым-қатынас тереңге бойлайды.

Егіздердің дүниеге келуіне тамақтанудың қандай қатысы бар?

Ғалымдар егіздеп бала табудан әлем бойынша көш бастап келе жатқан Нигериядағы йоруба халықтарының әйелдері немен тамақтанатынын зерттеген екен. Олар бұл құпияның шешімін ямс көкөнісінен тапты. Бұл көкөніс тұрғылықты халықтың негізгі асы. Ямстың химиялық құрамы әйелдің эстроген гормонымен ұқсас келеді екен. Көкөністегі көп мөлшердегі жоғары концентрациялық зат гонадотропин гормондарын өндіруге ықпал ете алады. Екеуінің бірлесуінен бірнеше жұмыртқа пайда болатын көрінеді.

Қазақстандағы егіздер мекені

Қазақстандағы егіздер ең көп туылатын елді мекен ол – Қостанай облысындағы Тәгіл ауылы. Соңғы 20 жылда мұнда 29 жұп егіз бала дүниеге келген. Яғни, жыл сайын Тәгілде бір немесе екі жұп егіз туады, деген сөз. Тұрғындардың саны 1350-ды құрайтын ауыл үшін бұл сөз жоқ өте жоғары көрсеткіш. Тәгіл ауылының тұрғындары үшін қатар жүрген егіздер таңсық көрініс емес. Мұнда жылына бір немесе екі бірдей егіз жұптар туылуы қалыпты құбылысқа айналғалы қашан. Тұрғындар өздерінің туған ауылының жері қасиетті деп сенеді.

Ал, Қазақстан бойынша егіздерге өмір сыйлаудан алдына жан салмай келе жатқан Қызылордалық келіншектер екен.

Егіздердің арнайы жәрдемақысы бар ма?

Қазақстан егіздерді өмірге алып келуі жөнінен әлемде 48 орында. Көш басында Нигерия тұр. Онда әрбір 22 адамға

бір егізден келеді екен. Жер шарының төрттен бір бөлігін құрайтын Қытай соңғы орынға жайғасыпты. Мәселен, онда 250 қытайға бір егізден келеді. Ал, біздің елде мұндай социологиялық зерттеулер жасамайтын сынды. Елдегі егіздер санын анықтайтын нақты көрсеткіштері бар мәліметтер табылмады. Жер шарында егіздер Еуропа құрлығында көп өмірге келеді. Көріқұрлықта 1000 баланың сегізі егіз болады. Ал, АҚШ-та қаранәсілді нәзік жандар егіздеп бала табатын көрінеді. Өркениетті елдерде егіздер мен үшем дүниеге келген отбасыларына мемлекет тарапынан қамқорлық көрсетеді. Оларға арнайы күтушілер бөлінеді. Қаржылай көмектер беріледі. Ал, Қазақстанда егіздер мен үшемдерге байланысты арнайы жәрдемақы түрлері көрсетілмейді. Олар басқа балалар сияқты жәрдемақы алады.

Егіздер туылатын жас

Дәрігерлердің айтуынша бала туылған сайын егіздер туылуына мүмкіндіктер көп болады. Яғни, жатыр қабаттары өскен сайын ана егіздеп бала табуға қабілеті артады екен. Жасына қарай егіздер 35-39 жастағы аналардан көп туылады. Себебі дәл осы жаста әйелдің бойындағы гармондары нағыз күшіне мінетінін ғалымдар дәлелдеп шыққан. Және көктем мезгілінде ұрықтанған балалардың арасында егіздер көп туылады дейді ғалымдар.

Снам егіздері

Егіздер арасында өте сирек кездесетін «Снам егіздері» деген атаумен кемтар балалар кездеседі.

65-85 мың жаңа туған нәрестеге біреуі кездеседі. Снам егіздерінің пайда болуын ғалымдар «жұмыртқа жасушаларының дұрыс бөлінбеуінен» деп түсіндіреді. Жұмыртқаның даму кезінің белгілі бір сатысында жасушалардың бөлінбеуіне байланысты бұндай егіздер дүниеге түрліше жабысып туып жатады. Ғалымдар бұның салдарын генетикалық тұрғыдан да іздеді, енді біреулері психологиялық ауру деп есептеді. Не дегенмен бүгінгі медицина бұндай егіздердің пайда болуының алдын ала алмауда және дүниеге келген күннің өзінде сәтті ота жасай алмай келеді. Алғаш бұндай мәліметтер «Түркістан уәлиятты» газетінің 1871-ші жылғы 30-шы маусым күнгі нөмірінде жарияланған екен. Белгісіз автор 1811-ші жылы Сиам қаласында дүниеге келген Чанг пен Энг жайлы жазып өтеді. Чанг пен Энгке дейін де бұндай егіздер дүниеге келген. Алайда, бұған дейін ондай сәбилерді «ақырзаман әкелушілер» деп өлтіріп отырған, кей жағдайларда аналарымен қоса о дүниелік еткен. Кейін келе бұндай егіздерді табыс көзі ретінде пайдаланған. Түрлі жәрмеңкелерде халық назарын егіздерге аударып, ақша тауып отырған. Бұндай дәстүр Чанг пен Энгтен бастау алған. Оларды халық арасында көп насихаттағаннан кейін, жабысып туылған егіздерді «Снам егіздері» деп атай бастады. Чанг пен Энг осы жол арқылы байып, жеке ферма сатып алып, тіпті құлдар қызметін де пайдаланған екен. Мұндай егіздер елімізде Қызылорда облысының Шиелі аймағында 1998-2000 жылдары үш анадан туылғаны белгілі. Ал, 2007 жылы Атырау қаласында да осындай жағдай орын алған.

Сөз түйін. Егіздердің дүниеге келуіне ендігі ешкім таң қалмайды. Қалай болса да егіздерді дүниеге әкелудің нақты себебін анықтап, сырын ашып беруге ғалымдар асығар емес. Некедегі бір жұптың 80 баланы дүниеге әкеліп, оның біреуінде ғана егіздер тууына себепкер бола алады екен. Яғни, адамда егіз туудың жиілігі орташа есеппен алғанда 1% шамасында болады, олардың 1/3 бір жұмыртқалы егіздер. Өмірге егіздерді әкелуді мақсат тұтсаңыз алдымен, көп балалы ана немесе әке атануыңыз абзал.

Жанар Әбдіқалиқызы

Қазан қандай ай?

Бұл айды бозқырау деп те айтады. Ол осы айдағы ауа райына қатысты. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Малшылар күзекке көшетін мезгіл.

Бұл кезде бие ағытылып, күздік сойылады. Қазан сөзінің бірнеше мағынасы бар. Қазан – ауыртпалық, «қазан ат» – жауға мінетін ат, қазан – ас пісіретін ыдыс, қазан-үзенгінің бір түрі, қазан – шолақ зеңбірек, қазан мен қаза – өлім. Бір кездері бұл айда үлкен қырғын соғыс болып, содан ай осылай айтылып кетуі мүмкін. Қазандағы ауа райы Жаңбыр көп жауып, күн салқын тартады. Кейде қар ұшқыны білініп, суға мұз қатады, бозқырау түседі. Бұлт қоюланады. Пісіп үлгірмеген көкөніс пен егін суыққа ұрынса, халық оны «қазан ұрды» дейді. Қазанда таразы туып, таң суытады. Қазанда туған қазақтың асыл азаматтары мен ақындар: С.Торайғыров (23.10.1893), С.Сейфуллин (15.10.1894), Кеңес Одағы Батыры атағын екі рет алған Т. Бигельдинов (5.10.1922).



СӨЗ – ҚҰДІРЕТ

Сайф Сарай

«Жақсы» деген немене?

Әуелі, момын жақсы.
Бүтін болса – ел жақсы,
Сулы болса – көл жақсы,
Нұрлы болса – жер жақсы,
Жұртын қадірлеген ер жақсы,
Мінезді болса – жар жақсы,
Еңбекпен тапқан – мал жақсы,
Құстан – қаз жақсы.

Жылдан – жаз жақсы,
Жасқа – қыз жақсы,
Асқа – тұз жақсы,
Қойға – серке жақсы,
Жаман әйелден – көрпе жақсы,
Жүйрік болса – тай жақсы,
Жылқыға – сай жақсы,
Адасқанда – ай жақсы.

Қасиетті қамшы

САБЫ ТОБЫЛҒЫДАН ЖАСАЛЫНАТЫН ҚАМШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК АТАУЛАРЫ БОЛАДЫ. ҚАМШЫНЫҢ ҚАНДАЙ МАҚСАТҚА ҚОЛДАНЫЛАТЫНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БІРНЕШЕ ТҮРГЕ БӨЛІНЕДІ:

1. Сүндет қамшы. Атадан – балаға, баладан – немереге, немереден – шөбереге, шөбереден – неменеге келе жатқан ата дәстүрі бойынша баланы сүндетке отырғызғанда оған тума-туыстары тобылғы сабы төрт тұтам қамшыны сыйға тартады екен.

2. Бәйге қамшы. Бәйгеге шабатын тобылғы сапты қамшының ұзындығы төрт тұтамды құраса, оның ұзындығын шынтақтан шынашаққа дейінгі аралықпен де өлшей берген және сабының жуандығы шынашақтай болады. Бәйгеге түсерде шабандоз қамшысына былай серт береді екен: «Шаба алмасам маған серт, шаба алмаса астымдағы атыма серт, шаптыра ал-

маса қолымдағы қамшыға серт!»

3. Көкпар қамшы. Көкпар тартуға арналған қамшының тобылғы сабының ұзындығы үш-ақ тұтам және жуан болады. Көкбар қамшының сабына, жылан басты алақанына көкбаршының қолын жыртып, зақым келтірмес үшін ешқандай әшекей салынбайды, темір атаулы қолданбайды. Додаға түскенде мынандай серт айтылады: «Атыма – айбат, тақымыма – қуат, қамшыма – жігер бер!»

4. Дойыр қамшы. Дойыр қамшының тобылғы сабының ұзындығы бес тұтам, сабы мен өрімі өте жуан болады. Оған да серт айтылады: «Дойыр қамшым доңыздай (жуандығы) болсын, ауырлығы қорғасындай, мықтылығы



емендей болсын. Білек күшіме қуат қосып, жауым әрдайым құлап жатсын, халқым жеңіске жете берсін!»

5. Неке қамшысы. Бала ер жетіп, көмелет жасына келгенде отау құрар кезінде ол дос-жораларын шақырып алып; «Мен үйленемін. Маған жігіт жолдас (күйеу жолдас) керек» – дейді екен. Жолдастары қамшыларын бір жерге құпия жинап, алып келіп алдына тастағанда үйленетін жігіт соның ішінен ең жақсысын таңдап алып, қамшы иесін өзіне жігіт жолдасы етіп тағайындайды. Қазіргі бөрінің «Дала демократиясы» деп шулап жүргендерінің мәнісі бар, сол кездегі жігіт жолдасын таңдау кезінде олардың арасында ешқандай қызғаныш, өкпе болмас үшін жаңағдай әділетті әдісті қолданған.




ҚҰРАҚ КӨРПЕ



Адамның бойындағы бактериялардың жалпы салмағы 2 кг болады



Адамның аузында 40 000 бактерия болады




Адам миының 80 пайызы судан тұрады



Адамның өмір бойы өсетін мүшесі – мұрын



Адам қызарғанда оның асқазаны да қызарады



Адам денесіндегі жылудың 80 пайызы басынан шығады



Бір күнде адам аузында 1,5 литр сілекей пайда болады



Адам күлгенде жүректің жұмысы жақсарады екен



Адам жүрегі күніне 2 тонна қан айдайды




Жүзден асқандардың көпшілігі (80 пайызы) – әйелдер



Ерлерден гөрі әйелдер көзін екі есе көбірек жыпылықтатады



Көзді ашып түшкіру мүмкін емес



Бір тал шаш 3 кг салмақты көтере алады



Адамның басы орташа есеппен 3,6 кг болады



Тез оқығанда көз аздап шаршайды екен

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: Ұ. Төлеу, Н. Рабилова, М. Амантай.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан, А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана. Тапсырыс № 4914